

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

### **БЖЗҚ-дан 1,4 трлн теңгеден астам қаржы тұрғын үй жағдайын жақсартуға және емделуге аударылды**

*Оның ішінде 159 млрд-тан аса теңге жеке зейнетақы шоттарына қайтарылды*

**2021 жылдың 10 маусымындағы** жағдай бойынша **БЖЗҚ** салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтарын тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін пайдалануға берген **313 411 өтінішін** орындады. Уәкілетті оператор – банктерде ашылған қазақстандықтардың арнайы шоттарына БЖЗҚ **1,4 трлн теңгеден аса** қаржы аударды. Біржолғы зейнетақы төлемдерінің орташа сомасы – шамамен **4,6 млн теңге**.

Орындалған өтініштердің ең көбі Алматы қаласының (16,46%), Маңғыстау облысының (16,21%), Нұр-Сұлтан қаласының (12,97%) тұрғындары тарапынан жолданған. [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтындағы «Көрсеткіштер» бөлімінде салымшылардың біржолғы зейнетақы төлемдерін қандай мақсаттарға пайдалануды жоспарлайтыны туралы егжей-тегжейлі ақпарат орналастырылған. Мұндай ақпарат өңірлер бөлінісінде де берілген («Мақсаттар бойынша тұрғын үй жағдайларын жақсартуға арналған біржолғы зейнетақы төлемдері» және тиісінше «Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға арналған біржолғы зейнетақы төлемдері» шағын бөлімдері).

Қазіргі уақытта зейнетақы жинақтарының бір бөлігін пайдалануға өтініштерді қабылдайтын уәкілетті операторлар «Отбасы банкі» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ, «Қазақстан Халық банкі» АҚ, «Altyn Bank» АҚ, «Банк ЦентрКредит» АҚ болып табылады.

Айта кетейік, уәкілетті операторлардан салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарына (ЖЗШ) өтініш берушінің өтініші және өзге де себептер бойынша **157,4 млрд теңге** қайтарылды, себебі, қазақстандықтар біржолғы зейнетақы төлемдерін белгіленген мерзімде пайдаланбаған.

Бұған қоса, БЖЗҚ-ға емделуге барлығы **13 595 өтініш** келіп түсті, оның ішінде **9 млрд теңгеден аса сомаға 9 530 өтініш** орындалды, орташа сомасы – шамамен **1 млн теңге**. Сонымен қатар, салымшылардың (алушылардың) БЖЗҚ-дағы ЖЗШ-на уәкілетті оператордан («Отбасы банкі» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ) **1,8 млрд теңге** қайтарылды, бұл қаражат өтініш берушінің өтініші және өзге де себептер бойынша белгіленген мерзімде пайдаланылмаған. Зейнетақы жинақтарын емделуге пайдалану жөніндегі өзекті статистикамен [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтындағы «Көрсеткіштер» – «Емделуге берілетін біржолғы зейнетақы төлемдері» бөлімінен танысуға болады.

Естеріңізге саламыз, біржолғы зейнетақы төлемі уәкілетті операторда («Отбасы банкі» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ) ашылған арнайы шотқа түскеннен кейін алушы уәкілетті операторға біржолғы зейнетақы төлемдерінің нысаналы мақсатын растайтын құжаттарды **олар келіп түскен күннен бастап 45 жұмыс күні ішінде** (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдалану қағидаларының 13-тармағына сәйкес) ұсынады.

Уәкілетті операторға растайтын құжаттар белгіленген мерзімде ұсынылмаған жағдайда, бұл қаражат БЖЗҚ-ға қайтарылуы тиіс.

Салымшы, сондай-ақ аударылған соманы «Отбасы банкі» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-ға тиісті өтініш беру арқылы қайтара алады, оны банк алушыдан қайтаруға өтініш алған күннен бастап **3 (үш) жұмыс күні** ішінде орындауға міндетті.

Салымшылардың назарын олар сұратқан зейнетақы жинақтарының сомасы БЖЗҚ-дан уәкілетті оператордағы арнайы шотқа аударылғаннан кейін бұл қаражаттың инвестициялық басқарудан алынатынына, демек, оған инвестициялық табыстың есептелмейтініне аударғымыз келеді.

Бұдан басқа, арнайы шотқа аударылған зейнетақы жинақтарына **инфляция деңгейін ескере отырып, олардың сақталуы бойынша мемлекеттің заңда көзделген кепілдігі қолданылмайды.**

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы

Сондай-ақ, БЖЗҚ-дан төленетін біржолғы зейнетақы төлемдерінің сомаларынан салымшы тандаған және оның өтінішінде көрсетілген тәсілге сәйкес жеке табыс салығын (ЖТС) есептеу және ұстап қалу жүргізіледі

Жалпы алғанда, салымшылар жалпы сомасы **159,2 млрд теңгеге 46 222 өтінішті** (тұрғын үй/емделу) қайтарды. Осыған орай, БЖЗҚ-ға қаражатты қайтару, инвестициялық табыс пен мемлекет кепілдігін жоғалту, сондай-ақ, ЖТС-ты мерзімінен бұрын есептеу жағдайларын болдырмау үшін салымшыларға біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдалануды жауапкершілікпен әрі мұқият жоспарлауды ұсынамыз. Зейнетақы жинақтарының мақсатты пайдаланылуын растау үшін қажетті құжаттардың тізімін өтінім бергенге дейін мұқият зерделеп, оларды уәкілетті операторға уақытылы ұсынуды қамтамасыз еткен жөн.

Инвестициялық портфельді басқарушыларға **ағымдағы жылдың 10 маусымындағы жағдай бойынша 3,9 млрд теңгеге** жуық қаржы аударылды. БЖЗҚ келіп түскен **2352 өтініштің 1813-ін** орындады. Аударымның орташа сомасы шамамен **2,1 млн теңге**. Зейнетақы жинақтарын сенімгерлік басқаруға беру бойынша егжей-тегжейлі статистика да [enpf.kz](http://enpf.kz) сайтындағы «Көрсеткіштер» – **«Зейнетақы жинақтарын басқарушы компанияларға сенімгерлік басқаруға беру»** бөлімінде жарияланып отырады.

Қазіргі уақытта БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқару туралы төрт ИПБ-мен шарт жасасты, олар – «Jysan Invest» АҚ, «BCC Invest» АҚ, «Halyk Global Markets» АҚ, «Сентрас Секьюритиз» АҚ. Сіз бұл туралы ақпаратпен танысып, олардың инвестициялық декларацияларын [enpf.kz](http://enpf.kz) веб-сайтындағы «Қызметтер» – **«Инвестициялық портфельді басқарушылар тізілімі»** бөлімінен көре аласыз.

БЖЗҚ-дан зейнетақы активтерін алғаннан кейін ИПБ оларды ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 3 ақпандағы №10 қаулысымен бекітілген Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларында көрсетілген және ИПБ инвестициялық декларациясында көзделген рұқсат етілген қаржы құралдарына инвестициялайды.

Зейнетақымен қамсыздандыру туралы Заңға сәйкес, ИПБ инвестициялық басқаруды жүзеге асырғаны үшін комиссиялық сыйақы алуға құқылы. ИПБ сыйақысының шекті шамасы алынған инвестициялық табыстың 7,5%-нан аспауы тиіс. Комиссиялық сыйақының нақты шамасын жыл сайын ИПБ-ның басқарушы органы бекітеді және ол жылына бір рет ғана өзгеруі мүмкін.

Салымшы зейнеткерлік жасқа толғанға дейін Ұлттық Банктің басқаруында болатын зейнетақы жинақтарына инфляция деңгейі ескеріліп отыратын сақталу кепілдігі қолданылады. Зейнетақы жинақтары ИПБ-ның басқаруына аударылған жағдайда, мемлекеттік кепілдік басқарушы компанияның зейнетақы активтерінің ең төменгі кірістілік деңгейін қамтамасыз ететін кепілдігімен алмастырылады. Кірістіліктің ең төменгі деңгейі нарықта әрекет ететін ИПБ-ның басқаруына берілген зейнетақы активтерінің орташа алынған кірістілігін негізге ала отырып есептелінеді.

*БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында).*

## ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ

**Более 1,4 трлн тенге переведено из ЕНПФ на улучшение жилищных условий и лечение**

**«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы**

*Из них более 159 млрд тенге возвращено на индивидуальные пенсионные счета*

По состоянию на **10 июня 2021 года ЕНПФ** исполнено **313 411 заявлений** вкладчиков (получателей) на использование пенсионных накоплений для улучшения жилищных условий. На спецсчета казахстанцев, открытые в банках- уполномоченных операторах, ЕНПФ переведено свыше **1,4 трлн тенге**. Средняя сумма единовременных пенсионных выплат составила **4,6 млн тенге**.

Больше всего исполненных заявлений направлено жителями г.Алматы (16,46%), Мангистауской области (16,21%), г.Нур-Султан (12,97%). На сайте [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) в разделе «Показатели» размещена подробная информация о том, на какие цели казахстанцы планируют использовать единовременные пенсионные выплаты и в разрезе регионов (подразделы [«Единовременные пенсионные выплаты на улучшение жилищных условий по целям»](#) и [«Единовременные пенсионные выплаты на улучшение жилищных условий»](#) соответственно).

На сегодняшний день уполномоченными операторами, принимающими заявления на использование части пенсионных накоплений, являются АО «Жилищный строительный сберегательный банк «Отбасы банк», АО «Народный банк Казахстана», АО «Altyn Bank», АО «Банк ЦентрКредит».

Отметим, что **157,4 млрд тенге** возвращено на индивидуальные пенсионные счета (ИПС) вкладчиков (получателей) от уполномоченных операторов в связи с тем, что единовременные пенсионные выплаты казахстанцами не были использованы в установленные сроки, по заявлению заявителя и иным причинам.

Также в ЕНПФ поступило **13 595** заявлений на лечение, из них исполнено **9 530 заявлений** на сумму более **9 млрд тенге**, средняя сумма **составляет** порядка **1 млн тенге**. Вместе с тем, на ИПС вкладчиков (получателей) в ЕНПФ вернулось **1,8 млрд тенге** от уполномоченного оператора (АО «Жилищный строительный сберегательный банк «Отбасы банк»), данные средства не были использованы в установленные сроки, по заявлению заявителя и иным причинам. Ознакомиться с актуальной статистикой по использованию пенсионных накоплений на лечение можно на сайте [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) в разделе «Показатели» - [«Единовременные пенсионные выплаты на лечение»](#).

Напоминаем, что после поступления единовременной пенсионной выплаты на спецсчет, открытый у уполномоченного оператора (АО «Жилищный строительный сберегательный банк «Отбасы банк»), получатель предоставляет уполномоченному оператору документы, подтверждающие целевое назначение единовременных пенсионных выплат **в течение 45 рабочих дней с даты их поступления** (согласно пункту 13 Правил использования единовременных пенсионных выплат для улучшения жилищных условий в соответствии с законодательством Республики Казахстан).

В случае не предоставления уполномоченному оператору подтверждающих документов в установленный срок эти средства подлежат возврату в ЕНПФ.

Вместе с тем, переведенную сумму Вы можете вернуть, подав в АО «Жилищный строительный сберегательный банк «Отбасы банк» соответствующее заявление, которое банк должен исполнить **в течение 3 (трех) рабочих дней** с даты получения заявления на возврат от получателя.

Отметим, что после перечисления запрашиваемой вкладчиком суммы пенсионных накоплений из ЕНПФ на спецсчет у уполномоченного оператора данная сумма изымается из инвестиционного управления и, следовательно, на нее перестает начисляться инвестиционный доход.

Кроме того, на пенсионные накопления, перечисленные на спецсчет, **не распространяется предусмотренная законом гарантия государства по их сохранности с учетом уровня инфляции**. Также с сумм единовременных пенсионных выплат из ЕНПФ производится исчисление и удержание индивидуального подоходного налога (ИПН) согласно способу, выбранному вкладчиком и указанному в его заявлении.

Отметим, в общей сложности вкладчиками было возвращено **46 222 заявления** (жилье/лечение) на общую сумму **159,2 млрд тенге**. Исходя из этого, для исключения случаев возврата средств в ЕНПФ, потери инвестиционного дохода и гарантии государства, а также преждевременного исчисления ИПН рекомендуем вкладчикам (получателям) ответственно и тщательно планировать использование единовременных пенсионных выплат. До подачи заявки следует внимательно изучить список документов, необходимых для подтверждения целевого использования пенсионных накоплений, и обеспечить их своевременное предоставление уполномоченному оператору.

Управляющим инвестиционным портфелем по состоянию на **10 июня текущего года** переведено около **3,9 млрд тенге**. ЕНПФ таким образом исполнил **1813** заявлений из **2352** поступивших. Средняя сумма перевода составляет около **2,1 млн тенге**. Подробная статистика по передаче пенсионных накоплений в доверительное управление также на сайте [enpf.kz](http://enpf.kz) в разделе «Показатели» - «[Передача пенсионных накоплений управляющим компаниям](#)».

На данный момент ЕНПФ заключен договор о доверительном управлении пенсионными активами с четырьмя УИП – это АО «Jysan Invest», АО «BCC Invest», АО «Halyk Global Markets», АО «Сентрас Секьюритиз». Ознакомиться с информацией о них и изучить их инвестиционные декларации можно на сайте [enpf.kz](http://enpf.kz) в разделе «Услуги» - «[Реестр управляющих инвестиционным портфелем](#)».

Напомним, после получения пенсионных активов от ЕНПФ УИП инвестирует их в разрешенные финансовые инструменты, указанные в Правилах осуществления деятельности по управлению инвестиционным портфелем, утвержденных постановлением Правления Национального Банка РК от 3 февраля 2014 года №10, и предусмотренные в Инвестиционной декларации УИП.

Согласно Закону о пенсионном обеспечении, УИП имеют право на взимание комиссионного вознаграждения за инвестиционное управление. Предельная величина вознаграждения УИП не может превышать 7,5% от полученного инвестиционного дохода. Фактическая величина комиссионного вознаграждения ежегодно утверждается органом управления УИП и может меняться не чаще одного раза в год.

В период нахождения пенсионных накоплений под управлением Национального Банка до достижения вкладчиком пенсионного возраста действует гарантия сохранности пенсионных накоплений с учетом уровня инфляции. При переводе пенсионных накоплений в управление УИП гарантия государства заменяется гарантией управляющей компании по обеспечению минимального уровня доходности пенсионных активов. Минимальный уровень доходности рассчитывается исходя из средневзвешенной доходности пенсионных активов, переданных в управление УИП, действующим на рынке.

*ЕНПФ создан 22 августа 2013 года на базе АО «НПФ «ГНПФ». Учредителем и акционером ЕНПФ является Правительство Республики Казахстан в лице ГУ «Комитет государственного имущества и приватизации» Министерства финансов Республики Казахстан. Доверительное управление пенсионными активами ЕНПФ осуществляет Национальный Банк Республики Казахстан. С 1 января 2016 года функции по выработке предложений по повышению эффективности управления пенсионными активами переданы Совету по управлению Национальным фондом. В соответствии с пенсионным законодательством ЕНПФ осуществляет привлечение обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов, добровольных пенсионных взносов, пенсионные выплаты, индивидуальный учет пенсионных накоплений и выплат, предоставляет вкладчику (получателю) информацию о состоянии его пенсионных накоплений (подробнее на [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz))*